

Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жариялау туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 1 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 19 ақпанда № 6169 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімінің 2018 жылғы 12 наурыздағы № 2 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімінің 12.03.2018 № 2 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

“Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы” Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 33-бабының 1 тармағының 13) тармақшасына, “Азаматтық қорғау туралы” Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 11 сәуірдегі Заңының 48-бабына, 50-бабының 2-тармағының 2) тармақшасына, “Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың сыныптамасын белгілеу туралы” Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 756 қаулысына сәйкес Сырдария ауданының әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қызылорда облысы Сырдария ауданының Тереңөзек кенті және Қалжан ахун ауылдық округінің аумағында жергілікті ауқымдағы табиғи сипаттағы төтенше жағдай жариялансын.

2. Табиғи сипаттағы төтенше жағдайды жою басшысы болып Сырдария ауданы әкімінің орынбасары Б.Лекеров тағайындалсын және осы шешімнен туындайтын тиісті іс-шараларды жүргізу тапсырылсын.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Ғ. Қазантаев